

**1994 жылғы 9 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасының арасындағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы шартқа өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 сәуірдегі № 69-VIII ҚРЗ

1994 жылғы 9 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасының арасындағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы шартқа өзгеріс енгізу туралы 2022 жылды 31 тамызда Вильнюсте жасалған хаттама ратификацияланын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

К. ТОҚАЕВ

**1994 жылғы 9 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасының арасындағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы шартқа өзгеріс енгізу туралы ХАТТАМА**

Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы (бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын)

1994 жылғы 9 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасының арасындағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы шарттың 79-бабына сәйкес, 1997 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасының арасындағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы шартқа Хаттаманы (бұдан әрі - Шарт) ескере отырып,

Шартқа мынадай өзгеріс енгізуге келісті:

## **1-бап**

Шарттың 4-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

### **"4-бап**

**Байланысу тәртібі**

Құқықтық көмек көрсету кезінде Уағдаласушы Тараптардың мекемелері бірі-бірімен орталық органдары арқылы байланысады. Уағдаласушы Тараптар тағайындалған орталық органдары, олардың функциялары мен байланыс деректері туралы бірі-біріне дипломатиялық арналар арқылы дереу хабардар етеді.".

## **2-бап**

Осы Хаттама Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Уағдаласуши Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап қүшіне енеді.

Осы Хаттама Шарттың қолданысының тоқтатылуымен бір мезгілде қолданысын тоқтатады.

2022 жылғы "31" тамызда Вильнюста әрқайсысы қазақ және литва тілдерінде екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Әрбір Уағдаласуши Тарапта осы Хаттаманың данасымен бірге мәтіннің орыс тіліндегі ресми аудармасы қалады. Осы Хаттама мәтіннің мазмұны бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайларда, Уағдаласуши Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

*Қазақстан Республикасы үшін*

*Литва Республикасы үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күқиқтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК